Қосымша №1.13

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

(ЛОТ № 13)

Қызметтің атауы: Ортағасырлық тарихи-мәдени ескерткіштердің цифрлық 3D модельдерін өңдеп веб-сайт жасау.

№	Тауардың атауы мен техникалық сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Саны
1	Тарихи-мәдени ескерткіштер туралы ғылыми, тарихи-танымдық және туристік ақпараттарды бір ақпараттық кеңістікте ұсынуға арналған заманауи веб-сайт әзірлеу. Веб-сайттың негізгі мақсаты – тарихи-мәдени мұра нысандары туралы ақпаратты цифрлық форматта сақтау, жүйелеу және пайдаланушыларға қолжетімді ету.	қызмет	1

Веб-сайттың негізгі бөлімдері:

1. Басты бет – жоба туралы жалпы ақпарат және негізгі нысандар.
2. Ескерткіштер каталогы – ескерткіштердің атауы, орналасуы және сипаттамалары.
3. 3D виртуалды галерея – ескерткіштердің интерактивті 3D модельдері.
4. Интерактивті карта – ескерткіштердің орналасуы және навигация.
5. Фото және бейнегалерея – мультимедиялық материалдар.
6. Ғылыми ақпарат – тарихи және археологиялық мәліметтер.
7. Туристік ақпарат – ескерткіштерге бару туралы анықтамалық ақпарат.
8. Жоба туралы – жобаның мақсаты, міндеттері және орындаушылары.
9. Байланыс – кері байланыс және байланыс деректері.

Дизайнға қойылатын талаптар:

Орындаушы веб-сайттың пайдаланушы интерфейсін (UI), пайдаланушы тәжірибесін (UX), визуалдық дизайн тұжырымдамасын, құрылымдық архитектурасын және навигациялық логикасын әзірлейді.

Веб-сайттың дизайны тарихи-мәдени мұра тақырыбына сәйкес келуі, пайдаланушыларға түсінікті, эстетикалық тұрғыдан үйлесімді және функционалдық жағынан ыңғайлы болуы тиіс.

Веб-сайт компьютерлерде, планшеттерде және смартфондарда дұрыс көрсетілетін бейімделгіш дизайн негізінде әзірленеді.

Ғылыми зерттеу орталығының басшы м.а. **Г. Аширбек**